



*Сыбайлас жемқорлық
жұмыстары*

2023-2024 оқу жылындағы
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шараларының
Ж О С П А Р Ы

Дайындаған: ДТЖО – Аманбай А

Султаналина А.Б

«Бекітемін»
Мектеп директоры:
Бекмағамбетова А.Ж.
2023 ж. «15» 09



«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шараларының жоспары
2023-2024 оқу жылы

№	Іс-шаралар атауы	Айы	Түрі	Жауапты
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қ.Р. Заңымен таныстыру жұмыстары	Қыркүйек	Түсіндірме	Мектеп әкімшілігі ДТЖО- Татымбетова К.М
2	«Жемқорлықсыз қоғамға қадам» 10 сынып	Қазан	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші- Султаналина А.Б
3	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» 7 сынып	Қараша	Сынып сағаты	Сынып жетекші- Нурсейтова Г.К, Абакова К.Ш
4	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»	Желтоқсан	Суреттер 8-11 сынып	Сынып жетекшілер Тәлімгер- Темирбекова Д.К
5	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» 8 сынып	Қаңтар	Сынып сағаты	Сынып жетекші- Рыспамбетов Б.Г, Абакова А.Т
6	«Жемқорлық індет, жою міндет» тәрбие сағаты 5 сынып	Ақпан	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші- Шавалиева М.Ш, Сабитова Ж.Б

7	Сыбайлас жемқорлық: теориялық негіздері, даму тарихы және түрлері 11 сынып	Наурыз	Сынып сағаты	Сынып жетекші- Битюкова В.В
8	«Жемқорлық – қоғам дерті» 9 сынып	Сәуір	Сынып сағаты	Сынып жетекші- Майлыбаев Ш.Е
9	«Жемқорлықсыз жол сенімді жол» 9-10 сынып	Сәуір	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші- Майлыбаев Ш.Е Султаналина А.Б
10	Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын – алу 8-10 сынып	Сәуір	пікірталас	Сынып жетекшілер- Аманбай А. Абакова А.Т Майлыбаев Ш.Е Султаналина А.Б
11	Өткізілген іс шараларды әлеуметтік желіге салу	Үнемі	инстаграм	ДТЖО- Аманбай А. Султаналина А.Б Тәлімгер- Темирбекова Д.К


№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мемлекеттік рәміздерге арналған бұрыш ұйымдастыру	жыл бойы	ДТДЖО- Аманбай А. Султаналина А.Б
2	Қазақстан Республикасының Гимнын барлық салтанатты жиындарда орындау	үнемі	1-11 сынып оқушылары Мектеп ұжымы
3	Мемлекеттік мерекелерде Тәуелсіздік күні, Конституция күні, Мемлекеттік рәміздер күнін тойлау кезінде мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға насихаттау және тәрбиелеу	жыл бойы	1-11 сынып оқушылары Мектеп ұжымы
4	ҚР Гимні мәтінін және тарихын Қазақстан тарихында, казак әдебиеті және музыка сабақтарында, кластан тыс іс-шараларда таныстыру	қыркүйек	1-11 сынып жетекшілері
5	«Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтаныш», «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны», «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы», «Үмітін елдің аркалап, арманнан туған рәміздер», «Рәміздер – ел беделі!», «Қазақстан Республикасының рәміздерін білу – менің міндетім», «Менің Қазақстанымды әлем таниды!» атты тақырыптарда класс сағаттарын өткізу	қазан	ДТДЖО- Аманбай А Султаналина А.Б 1-11 сынып жетекшілері
6	«Мемлекеттік рәміздер әлеміне саяхат» атты сауалнама жүргізу	қараша	1-4 сынып жетекшілері
7	«Мемлекеттік рәміздерге құрмет - азаматтық міндет» тақырыбында мектеп кітапханасында Мемлекеттік рәміздерге арналған бұрыш ұйымдастыру	қараша	Кітапханашы И.П Шаповалова
8	«Мемлекеттік рәміздер туралы не білеміз?» тақырыбында викториналық сұрақтар сайысы	желтоқсан	5-7 сынып жетекшілері
9	«Біз рәмізімізді мақтан тұтамыз» атты тақырыпта дөңгелек үстел	қаңтар	8-9 сынып оқушылары
10	«Мемлекеттік рәміздер – Елдіктің белгісі» атты дөңгелек үстел	ақпан	10-11 сынып оқушылары
11	«ҚР мемлекеттік әнұраны және мемлекеттік елтаңбасы, туының шығу тарихы» тақырыбында ақпаратты күнді өткізу	наурыз	ДТДЖО- Аманбай А Султаналина А.Б
12	«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» класс сағаттары «Государственные символы Республики Казахстан – национальная гордость»	сәуір	1-11 сынып жетекшілері
13	«Государственные символы Республики Казахстан – духовный ориентир народа» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізу	мамыр	1-11 сынып жетекшілері
14	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне мерекелік концерт	маусым	ДТДЖО- Аманбай А Султаналина А.Б

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Бөлім:	
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	
Күні:	
Сынып:	Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	
Мақсаттары	Қоғамның әр-түрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру,білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, ҚР-на адал қызмет етуге, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>«Сыбайлас жемқорлық» - деген түсінік мағынасына этимологиялық тұрғысында қарау, мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға, пара сатып алу» -деген түсінік бергенде, құқыққа қарсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас – жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.</p> <p>Қоғамдағы лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалануды, билік етуді немесе лауазымдық өкілеттілікті арттыру, қызметтік жалғандық, сеніп тапсырылған мүліктерді ұрлау және иелену, біле тұра өтірік айғақ көрсетуді, куәларды, жәбірленушілерді немесе сарапшыларды сатып алу, сот шешімдерін, үкімдерін және басқаларды лауазымдық тұлғалардың орындамауы, сыбайласқан байланыстарды қолдау жиі кездесетінін көрсетіп отыр.</p>	<p>Сыбайлас жемқорлық» деген не?</p> <p>“Сыбайлас - жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай - ақ “corruptio” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас - жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің</p>		презентация

	<p>Қарапайым түсінік бойынша бәрінен бұрын сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызметпен байланыстырады. Бар беталысқа қарамастан және басқа салада – үкімет билігі және жеке кәсіпкерлердің әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы таратуда – мемлекеттік лауазымдық тұлғалар арасында сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған заң аса егжей – тегжейлі әзірленген. Шынында да мемлекеттік қызметшілер анағұрлым ауқымды дискрециялық өкілеттілікті иелене және көбінде бақылаусыз әрекет ете отырып, өз мүдделерінде және мемлекеттік мүддесіне қарамастан лауазымдық мансаптығын қолданудың барлық мүмкіндігін иелене алады.</p> <p>Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қоғамның бақытты болашағын тежейді; - елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді; - жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. 	<p>сатқындығы ретінде сипаттайды.</p> <p>2 - жүргізуші. Келесі кезекте бейнероликке берсек</p> <p>Осы бейне роликті көрген кезде қандай сезімде болдыңдар? Роликтегі адамдардың әрекеті дұрыс па?</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>ВИКТОРИНА</p> <p>1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қашан қабылданды? 2. 07. 1998 жыл</p> <p>2. “Сыбайлас - жемқорлық” деген не? (“Сыбайлас - жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді.)</p> <p>3. ҚҰҚЫҚ деген не? (мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп ережелерінің (нормалардың) жиынтығы.)</p> <p>4. Заң деген не? (мемлекеттің ең жоғарғы басқарушы органының шығарған, қабылдаған ең жоғары күші бар нормативтік кесім. Барлық заңдар және заңға тәуелді</p>		<p>Интербелсенді такта/ компьютер</p>

	<p>нормативтік кесімдердің Конституцияға сәйкес болуын Занның үстемдігі дейді.)</p> <p>5. Қылмыстық Кодекстің 366 - бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамға бұрын жасаған заңды әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін сомасы немесе құны неше айлық есептік көрсеткіштен аспайтын болса қылмыстық жауапкершілікке жатпайды? (2 айлық есеп)</p> <p>6. Пара беру дегеніміз не? (қандай да бір коммерциялық келісімге келу үшін немесе жеке пайдасы үшін жасалған ынталандыру немесе марапаттау.)</p> <p>7. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарды жасағаны үшін қандай жауапкершілік көзделген? (Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі)</p> <p>8. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн қашан жарияланды? (2003 ж 9 желтоқсан)</p> <p>9. “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” заң қашан қабылданды? (18. 11. 2015 жыл)</p> <p>10. БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Конвенциясы қашан қабылданды? (31. 10. 2003ж.)</p>			
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Бүкіл әлемге өзінің бір тұтастығыменен, ажырамас бірлігімен танылды. Қоғам дамуының жана жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.</p> <p>Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсаты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктеріңмен</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пара беру дегеніміз не? 2. Пара мен сыйлықтың айырмашылығы қандай? 3. Сыбайлас жемқорлық дегенімізді қалай 		<p>презентация</p>

жетуге тырысыңдар.

түсінесіңдер?

4. Сыбайлас
жемқорлық
жайлы
мәліметтерді
кайдан
білесіңдер?



Бөлім:		
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)		
Күні:		
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	«Адалдық адамдықтың белгісі»	
Максаттары	Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру; Адалдық,шыншылдық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету; Адал,шыншыл болуға тәрбиелеу.	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Шаттық шеңбері Оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен көңіл күйлерін көтеру және олардың мақсат-міндеттерін ұғындыру мақсатында С.Сейітовтің «Шындық шырайы» өлеңін бірге оқып түсіндіру. Ары таза адал адам мінді өмір сүреді. Оның ішінде Отанына, отбасына, қоғамға адалдық адамның өзіне, өзгеге, болашаққа деген сенімен арттыра түседі. Адалдық әр адамның өзін де, өзгені де сыйлауын көрсетеді. Адалдық бар жерде адам өзіне де, өзгеге де шындықты айтады, оны айту ауыр болғанда да ол тартынбайды. Адал болу тек қана өтірік айтпау емес, шындыққа ешбір қалтықсыз сену. Адалдық біздің жан дүниемізден басталады. Ол адами қарым-қатынастан және іс-әрекетімізден көрінеді. Адал адамға сенім артуға болады, оның қандай жағдайда да күмән келтіруге болмайды. Адалдығы бар адамның рақымы мол болады. Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам бағасының бір өлшемі де іспетті.</p>	<p>Адамның өз ұжданы алдында адал, шыншыл болу – өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады. Әл-Фараби Шешен кісі сөз бастар, Адал кісі - ел бастар. Жамбыл Жабаев Күшіне сенбе, адал ісіңе сен. Мұхтар Әуезов Ойың адал болғанмен, орындағаның олақ болса, ұнатпадың деп өкпелей алмайсың. Ғабит Мүсірепов Асыл қасиет – адалдық, асыл міндет – адалдық. Максим Горький Адалдық қайда болса, тіршілік сонда. Қажоум Насыри Жакын болудың бірінші шарты – адалдық. Михаил Пришвин Адалдық танытатын адамға да адал бол. Плавт Тит Макций Адал болғың келсе, жаныңда адал достар болсын. Менандр Адалдық ұмытылса, ақыл мен ерлік – бос дыбыс. Вишакхадатта</p>		презентация

	<p>"Адалдық" деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық - пәктік; ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінен де кездестіруге болады. Осы тұста ұлы тұлғалардың осы тақырып төңірегінде айтқан ой толғамдарын назарларыңызға ұсынғанды жөн санап отырмыз.</p> <p>Әңгімелесу Сіздің адалдыққа деген сеніміңіз қандай? «Адалдық-адамдық белгісі» дегенді қалай түсінесіздер? Неліктен адалдық «кеңпейілділік, ақкөңілділік, шыншылдық» ұғымдарымен қатар жүреді? Адалдық қандай әрекеттен қандай жағдайда көрінеді?</p>	<p>Сүйіспеншілік пен құрмет адалдыққа әкеледі. Габриэль Оноре Марсель Адалдық – өмірден қымбат. Ф. Шиллер Ғұмыр бойы бақытты болғың келсе – адал адам бол. Т. Фуллер</p>		
<p>Сабактын ортасы</p>	<p>Ары таза адал адам мінді өмір сүреді. Оның ішінде Отанына, отбасына, қоғамға адалдық адамның өзіне, өзгеге, болашаққа деген сенімен арттыра түседі. Адалдық әр адамның өзін де, өзгені де сыйлауын көрсетеді. Адалдық бар жерде адам өзіне де, өзгеге де шындықты айтады, оны айту ауыр болғанда да ол тартынбайды. Адал болу тек қана өтірік айтпау емес, шындыққа ешбір қалтықсыз сену. Адалдық біздің жан дүниемізден басталады. Ол адами қарым-қатынастан және іс-әрекетімізден</p>	<p>Дәйексөз. «Адалдық деген ашық, шыншыл қарым-қатынас» деген А. Макаренконың сөзін түсіндіру арқылы оқушылар жағдаяттан пайымдаған ой пікірлерін түйіндеу. Жағдаяттарды талдау. Бұл тапсырма жоғарыда айтылған ойларды тереңдете түседі. Оның ерекшелігі – өзгенің сенімін актау, адамның жауапкершілікті сезінуін қалыптастыру болып табылады. Осыған байланысты тапсырманы орындау оқушылардың</p>		<p>Интербелсенді такта/ компьютер</p>

	<p>көрінеді. Адал адамға сенім артуға болады, оның қандай жағдайда да күмән келтіруге болмайды. Адалдығы бар адамның рақымы мол болады. Жағдаятты талдау Берілген жағдаят бойынша оқушылардың көзқарастары мен пайымдауларын талдау кезінде, олардың пікірлерін дәйектеуде, оқушылардың бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына көмектеседі. Оқушы ойын түйіндеп, бір арнаға тоғыстыру мақсатында мұғалім жағдаят бойынша адал болу, өтірік айтпау, алдамау т.б. ұғымдардың мағынасын ашу.</p>	<p>тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Төмендегі жағдаяттарды шешіп, әділдік тұрғысынан баға беру. Тапсырма берілген ой тұжырымдамамен танысу. Адалдық туралы өз ойымен толықтырып, түйгендерін ортаға салу.</p>	
<p>Сабактың соны</p>	<p>Адалдық — адам мінезіндегі бағалы қасиет; АДАЛДЫҚ - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана - сезімі мен ар - ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық - этикалық жиынтығы. Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым - түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», - дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбекте нуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Жүректен - жүрекке шеңберімен аяқталады. Оқушылар бір біріне жүрек жарды тілектерін айтып тактаға жазды.</p>	<p>Адам өзінің ішкі жан дүниесіне үнілуі, өзін-өзі тануы, ар-ұятты, алдында жауапкершілікті сезінуі үшін адалдық қажет. Адам өзгелермен қарым-қатынаста, іс-әрекетте адалдық танытуына байланысты оның сенімді достары да көп болады. Адалдық болғанда ғана адамдар шындықпен өмір сүре алады. Адал болудың, өтірік айтпаудың да өзіндік қиындықтары бар. Өйткені өмірде шындықты айту барысында қайырымдылық, төзімділік, басқаның басындағыны түсіне білуі т.с.с. қасиеттерді бойға сіңіруге ұмтылған жөн. Шындықты айтуым қажет деп, тұрпайылық танытқан дұрыс емес. Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі. Адам</p>	<p>презентация</p>

		<p>бағасының бір өлшемі де іспетті. "Адалдық" деген сөз шыншылдық, айнымастық, шын берілгендік сияқты игі қасиеттерді еске салады. Қазақ пайымында адам бойында адалдық - пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді т.б. асыл қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінен де кездестіруге болады. Осы тұста ұлы тұлғалардың осы тақырып төңірегінде айтқан ой толғамдарын назарларыңызға ұсынғанды жөн санап отырмыз.</p>	
--	--	--	--